

А 2010

21818к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ҚАЙЫРБЕК  
АСАНОВ



АДАЛДЫҚ –  
АСЫЛ МҰРАТЫМ







**“MADENI MURA”  
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYŇ KITAŇ SERIYALARY  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ  
TUNĜYSH PREZIDENTI NURSULTAN NAZARBAEVTYŇ  
BASTAMASY BOYYNŇA SHYFARYLDY**

*Біз өзіміздің аргы-бергі  
ата-бабаларымыздың жүздеген  
буынының қалдырған өсиетін ақтап,  
мұраларын сақтап, молайта беру  
жолында топтасуға тиіспіз.*

***Н.Ә. Назарбаев***

## **Редакция алқасы**

---

**Бердібаев Р., төраға**

**Алматов А.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Оспан С.**

**Пірназар С.**

**Рахымбекұлы Ә. 2**

**Сейсекеева К.**

А 2010/21818к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ҚАЙЫРБЕК  
АСАНОВ



АДАЛДЫҚ –  
АСЫЛ МҰРАТЫМ

ӨЛЕҢДЕР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122 - 1

~~ББК 84 Қаз 7-5~~

А 87

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Б.Кәрібозұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор;

**Ә.Рахымбекұлы** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

**А 87 Асанов Қайырбек**

**Адалдық – асыл мұратым. Өлеңдер.** – Астана: Фолиант, 2009. – 384 б.

**ISBN 9965-35-760-9**


«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасы бар қазақтың белгілі ақыны Қайырбек Асановтың бұл таңдамалы жинағы әр жылдарда жазған жырларынан құралады.

Кітап үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде азаматтық болмыс пен табиғат құбылыстары ақындық ой орамдарымен берілсе, екінші бөлімде тәуелсіз еліміздің тұғырын қаласқан тұлғалар мен әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы саңлақтар туралы арнау өлеңдері орын алған. Ал үшінші бөлім мәңгі ескірмейтін махаббат тақырыбына арналады.

Уақыт ұлылығын, замана тынысы мен оның сан қилы күрделі құбылыстарын ұлықтауға ұмтылған ақын өз оқырмандарын бей-жай қалдыра алмайды деп сенеміз.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**А 4702250202**  
**00(05)09**



**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-760-9**

© Асанов Қайырбек, 2009

© «Фолиант» баспасы, 2009

## БІРІНШІ БӨЛІМ

*Айналайын, адамдар жандары ізгі,  
Жүрегімнен сендерге асықты нұр.  
Тәттілігің тоймайтын бал тәрізді,  
Қүдіретіңе бас идім, ғашық ғұмыр.*

## АРМАН-ЖЫРЫМ

Кеш бастадым, бәрін де кеш бастадым,  
Жүрген жолын өзгенің еш баспадым.  
Көкірегімде бұйығы жатқан жырды  
Шығармадым, бірақ та қоштаспадым.

Болғанмен де арманым, алыста әнім,  
Қандай бақыт өзіңмен табысқаным?!  
Мен енді әлпештейін, аялайын,  
Келмейді сенен бір сәт алыстағым.

Арман-жырым, сен енді жанымдасың,  
Мүмкін емес өзіңді сағынбасым.  
Жүрегімнен бұлқына жарып шыққан  
Музам едің, тек сенің бағыңды ашсын!

## КЕЛІНДЕР, ДОСТАР!

Қажытқанда мына тірлік бөрінен,  
Келіндерші, ей, достарым, жаны кең!  
Ұмытайық жетпей тұрған дүниені,  
Ұғысайық ұлы достық өнімен.

Біздің үйде болсын үлкен қуаныш,  
Асқақтасын әніміз де тым алыс.

Асқар, Ерлан, Ибрагим, Иранбек,  
Жыр оқындар, жыр – жүрекке жұбаныш.

Отырайық, сырласайық таң ұзақ,  
(Жүрген жоқпыз уақытты қарыз ап).  
Жақсылықты ағыл-тегіл ақтарып,  
Өкінішті айтпайықшы жалғыз-ақ.

Аянба, дос, әдемілеп сыр ақтар,  
Қуаныштан керек болса жылап та ал.  
Айтылмайтын сөздер бүгін айтылсын,  
Жанымызда таза болсын бірақ та ар.

Нені ұмыттық, нені айтпадық тағы біз?  
Сыртқа шығып демалайық бәріміз.  
Көңілдің де терезесін ашайық,  
Жадырасын, жарқылдасын жанымыз.

Көңіл сырын іркілмей-ақ ақтарып,  
Достығымыз бұзылмастан сақталып.  
Әрқашанда тату-тәтті жүріңдер,  
Біздің үйден тарағандай шаттанып.

Қажытқанда мына тірлік бәрінен,  
Келіңдерші, ей, достарым, жаны кең!  
Ұмытайық келіспеген кездерді,  
Ұғысайық ұлы достық әнімен.

## КУЗ БОЯУЛАРЫ

Кеше ғана жап-жасыл атырабым,  
Жамылыпты күздің көп жапырағын.  
Көлеңкені іздемен әуре болып,  
Шуақты аңсап, мен енді шарқ ұрамын.

Мезгілінде екен ғой бәрі-дағы,  
Естілмейді бұлбұлдың әні тағы.  
Сып-сидам боп қалыпты-ау, жаздың күні  
Жапырағы төгілген тал бұтағы.

Осы маңға қыз күтіп жүз келуші ек,  
Қыздың өңі жайнайтын біз көрінсек.  
Көктем-қыз жүрген жерде отыр бүгін,  
Сары орамал байлаған күз-келіншек.

### ӘСЕР

Жаным сыздап бөленгенде мұңға әсем,  
Өніңді сал, көңілімді көтер, қыз.  
Өзің де айт, өзгені де тыңда сен,  
Кезек-кезек ән тыңдайық екеуміз.

Ақыл-сана аяулы әнмен жаңарып,  
Кеудемізде күмбірлейді ғажап үн.  
Әннің сазы – әлемдегі жаңалық,  
Жаңалықтан жүрегімді жазамын.

Қандай бақыт, бірге отырсақ ән тыңдап,  
Кәусар сезім тамырларға таралып?!  
Тыңда, жаным, от жанарың жалтылдап,  
Өлмес өнер өзегінен нәр алып!

### ЖЫРЛА, ЖҮРЕК

Жырла, жүрек, мазамды алшы менің,  
Тұла бойым балқып бір алсын емін.  
Отырайын оранып от-сезімге,  
Көзімменен көргенше таң сілемін.

Жырла, жүрек, бейне бір бұлбұлдайын,  
Әсем үннен үлбірек сыр ұғайын.  
Лүп-лүп еткен әдемі дүрсіліңнен  
Жыр ұғайын, отыңа жылынайын.

Жырла, жүрек, алқынба, алма тыным,  
Керегі жоқ, санама сағат үнін.  
Көгершін боп өлеңім ұшу керек,  
Кеудесінде көктемгі Алматының.

Кешіре гөр, кем болса назым-күлкім,  
 Ойымда бар өлмес жыр жазып өткім.  
 Дүрсілінді тыңдасын бүкіл әлем,  
 Қайран жүрек, қаларсың қажып бір күн.

## ӘКЕ ТІЛЕГІ

Ұлым!  
 Өмір сені ағызар ағысында,  
 Сынар тағы тайталас жарысында.  
 Бір басыңа бақытты үйіп-төгіп,  
 Жақындатар көз жетпес алысын да.

Сол кездері масайрап асып кетпе,  
 Жалғандықты жаныңнан қашық ет те.  
 Өрлігіңмен толқынға қарсы жүзгін,  
 Жұдырықтай жүректі ғашық ет те.

Арамдықты ешқашан ту етпегін,  
 (Берілмейді адамға жүрек тегін).  
 Ұлым, дұрыс өткізіп құрметтегін,  
 Жастығыңды – өмірдің ұлы өткелін.

Тұрса-дағы жап-жасыл жайнап бағың,  
 Ұғынарсың көңілмен байқап бәрін.  
 Ішсең-дағы шарапты шабыттанып,  
 Шаңырағын паттықтың шайқалтпағын.

Ерлік ісің елінді қуанттырып,  
 Өн бойыңды өртесін тұрақты үміт.  
 Өзге қызға алаңдау ұят болар,  
 Өзің сүйген бір қызға ұнап тұрып.

Бағалайды бұл өмір білімдісін,  
 Асып тұрсын досыңнан білім-күшің.  
 Ұлы еліңнің бағалап бүгінгісін,  
 Ұмытпа оның тарихын – бұрынғысын.

Орындалсын тілеген жиі арманың,  
Ез боп өссең, өртеніп – ұялғаным.  
Ұлым, саған осылай үміт артып,  
Көкірегімнен құйылтып күй арнадым.

### ТУҒАН ЖЕРГЕ

Өзіңде туып, өзіңде өстім, өз мекен,  
Жырламай кеткен ақындар сені аз ба екен?  
Айдыныңды ашып, аймалап сүйіп жатасың,  
Бауырлап келіп, қонып жатса да қаз бөтен.

Күндіз-түн менің жанымнан әсте бір шықпай,  
Дария көңілімді келесің менің тыншытпай.  
Қайда жүрсем де сезімім сенде айналар,  
Әжемнің алдынан адасып кетпейтін ұршықтай.

### СӨНБЕСЕ ЕКЕН

Мен сенен еш нәрсені жасыра алман,  
Болғандықтан бізге ортақ асыл арман.  
Табиғаттан, тағдырдан жан жүрегім,  
Әділетті шындықтың бәсін алған.

Бәз біреулер сыртымнан жамандаса,  
Көңіл бөлме, сәулем-ау, оған да аса.  
Бір биікке жеткізер мені әйтеуір,  
Шындық деген шырағым аман болса.

Жақсы ойымды жамандық бөлмесе екен,  
Бүгінгі ісім қайталап келмес ертең.  
Шыр айналып жұмыр жер тұрған кезде,  
Шындық деген шырағым сөнбесе екен.

## ЖАСТЫҚҚА ОДА

Сен – мұқалмас болатсың,  
Қайда салса жүзінді шалдырмайтын.  
Сен – сарқылмас бұлақсың,  
Арнасында бұрқанатын арындап.  
Қиындыққа кезіккен алдырмайтын,  
О, менің жастық шағым, жарқын шағым!

Сеніменен жарқырап жолдарым да,  
Сен тапқансың аралды ашылмаған.  
Сенің күшті, қуатты қолдарыңда  
Жайнаған – жерім, елім,  
Түлеген – жасыл ғалам,  
О, менің жастық шағым, жарқын шағым!

Сен қашан да намысқойсың,  
Қас жауыңа есеңді жібермеген.  
Мерекесің, байлықсың, табыс, тойсың,  
От кеуденде найзағай жарқылдаса,  
Биіктерге ізіңнен гүл өрлеген,  
О, менің жастық шағым, жарқын шағым!

Мейлі сен жұмыстасың,  
Ұрыстасың.  
Ерлігіңмен еліңді қуантқансың,  
Жолыңда өлмейтұғын ұлы іс қалсын,  
Өйткені сен көктемгі шуақтансың,  
О, менің жастық шағым, жарқын шағым!

Алғы күнге қарайсың  
Сенімменен,  
Асқақ ойды жаныңа серік етіп,  
Өзіндік үмітпенен бөлінбеген,  
Тым биікке самғай бер –  
Мәңгі жастық жалауын желбіретіп,  
О, менің жастық шағым, жарқын шағым!

## АҚЫН МОНОЛОГІ

Жетіп жатыр өз мұңым, қуанышым,  
Өзекжарды өлеңім – жұбанышым.  
Қайран өмір, қайырылмай кетесің-ау,  
Уақыттың тоқтатпай ұлы ағысын.

Әз жанымды бөлеп ап рахатқа,  
Құштарлықпен көз тіксем ғаламатқа.  
Қызығыңа қанбас ем, беу, дүние-ай!  
Қалдырсаң да мәңгіге аманатқа.

Бәрін, бәрін бөлер ем гүлді реңге,  
Риза болып осынау күндеріме.  
Қарсы келген жауыма оқ боп тиіп,  
Адастырам қара түн төндірем де.

Ешқашан да шығарман елді есімнен,  
Тірлік етем әрқашан ер кесіммен.  
Керек кезде сөйлеймін елім үшін  
Жиырмасыншы ғасырдың мінбесінен.

Мақтаншақ та емеспін мақтанатын,  
Сотқарың да емеспін сотталатын.  
Тұла бойым тұнған жыр, оқи білсе,  
Қыз кеудеде қысылмай жатталатын.

Әділдікті алдыма шырақ етем,  
Дәуірімді дауылпаз қиял етем.  
Ғасырыма сыймаған мына басым,  
Қара жерге қалайша сыяр екен?!

## АРДАҚТА АЯУЛЫ АДАМДЫ

Өмір күнде мырза десе сенбе түк,  
Өмір – кейде орны толмас кем-кетік.  
Бәз біреуді бақытты етіп баянды,  
Бәз біреуді қояды екен пенде етіп.

Бәрі де аян, тірлігіміз досқа анық,  
Жақсыларды бір-біріне қоспадық.  
Сезе тұра жалғандығын сөзінің  
Бәз біреуді мәз болысып қостадық.

Ішкі есеппен біреу келіп қол берсе,  
Қайтарамыз ықыласпен он есе.  
Жиналыстан риза болып шығамыз,  
Бір адамды біреу сөгіп жерлесе.

Кейде ауылға жолың түсіп барасың,  
Дос-жаранның сәлемін де аласың.  
Ал бір досың көрмегенсіп өткенде,  
Сағың сынып, қиналып-ақ қаласың.

Неге осы кінәмшіліміз біз деген?  
Несі жақсы сөзден ілік іздеген?  
Бұл өмірдің кеңдігіндей керемет,  
Жақсы жолдар көп емес пе, жүздеген?!

## МАЙ ЖЫРЫ

Жомарт жердің тынысы да ерекше,  
Қуанасың қоңыр салқын желі ессе.  
Күн көзі де бар шуағын төгіп тұр,  
Өсетіндей қойтасқа да гүл ексе.

Бар айналам мейірімге малынып,  
Шарасынан кететіндей жарылып.  
Қыз-көктемдер шығып жатыр әр үйден,  
Омырауына қызғалдақтар тағынып.

Аянба, дос, төгілдіріп сал әнді,  
Жаңғыртайын жасартып бір санамды.  
Қала емес, дала дерсің бұл күні,  
Гүл шоғына көмкерілген Аланды.

Қарап тұрсаң бәрінде де шат қылық,  
Қуаныштан сөйлейтіндей аптығып.

Жер-дүние ғажап шаққа бөленіп,  
Ағыс болып алғы күнге ақты үміт.

Жылдағыдан биылғы жыл Май бөлек,  
Жас жаныңды жақсылыққа ал бөлеп.  
Моп-момақан көгершінді жолдағы,  
Ұстасам деп армандайды бал бөбек.

Ақындардың асқақ сезім жырындай,  
Тотықұстай, көп таранған сұлудай,  
Жер-жаһанға гүл шоқтарын сыйлаған,  
Армысың сен, махаббаттай сұлу Май?!

### АЛТЫН ШУАҚ

Байтақ далам еңбек күйін тыңдатып,  
Жомарттықпен байыз тауып жатқандай.  
Таңғы шықты мөлтілдеген құрғатып,  
Күн келеді көтеріліп, ақ маңдай.

Неткен шіркін, бал табиғат шебер бұл,  
Сірә, көздер әсемдікке тойған ба?  
Көңіліңді кірбің шалса егер бір,  
Айық одан, гүл көктемді ойлан да.

Махаббаттан тұрады өмір, бар әні,  
Жақұт шашып адамдардың жанары.  
Алтын шуақ жанды жайлап өпкендей,  
Бар дүние құлпырады көктемдей.

### ДОСТЫҚҚА СЕРТ

Адалдықты ту етіп арамызға,  
Жақсылықты сіңіріп санамызға.  
Бір жүруге мәңгілік серттесейік,  
Қолыңды бер,  
Досым-ау, қолыңды бер,  
Өтер болсаң ізгілік жолында егер.

Кінә артпан, тағдырға табыстырған,  
Бір ұлы күш аңсатсын алыс қырдан.  
Басымызға түссе де қауіп-қатер  
Қайғырмайық,  
Досым-ау, қайғырмайық,  
Кетсе-дағы басыңнан бағың тайып.

Қуат алып көктегі жұлдыздардан,  
Болашаққа бастаса бір ізгі арман.  
Нұрын құйып жүрекке күн көзінің,  
Аялайық,  
Досым-ау, аялайық,  
Адамдардан жақсылық аямайық.

Ғашық көзбен қарайық жұлдызға да,  
Ғашық болып қалайық бір қызға да.  
Жұмыр жерге жып-жылы жүреппенен,  
Бір қарайық,  
Досым-ау, бір қарайық,  
Ақ сезімді ешқашан былғамайық!

Осы айтылған шарттарды орындасаң,  
Өкінбеспін мен сенің қолыңды алсам.  
Серт байласқан күніміз ешқашанда,  
Ұмытылмас,  
Досым-ау, ұмытылмас,  
Достық атты сенімнің құлпы сынбас.

Адалдықты ту етіп арамызға,  
Жақсылықты сіңіріп санамызға,  
Бір жүруге мәңгілік серттесейік,  
Қолыңды бер,  
Досым-ау, қолыңды бер,  
Өтер болсаң ізгілік жолында егер.

## ҚЫЗ-КӨКТЕМ

Далам ғажап, қалам ғажап бұл күні,  
Бұлақ болып естіледі сыңғырлаған күлкі үні.

Табиғаттың тамашалап кереметін кешкілік  
Қыз-жігіттер ұмытады ұйқыны.

Көктем келді, Алатаудың ақ басынан құлап бір,  
Күміс үнді, мөлдір, әсем дауысына құлақ тұр.  
Бір ғажайып күйге енген көркі сұлу тіршілік,  
Көгімде де, көңілімде де – шуақ, нұр.

Бұл шақтарда аңсау қиын күнді өткен,  
Құмарлана иіскейміз гүлді еппен.  
Көкек айы үлестіріп кетіпті,  
Әр жігіттің құшағына бір «көктем!»

### СЕН ЕМХАНАДА ЖАТҚАНДА

Тағдыр деген мұнша неге тым қатал?  
Айтқанын ол бәрімізге тыңдатар.  
Жақсы көрер жалғыз жарың ауырса,  
Өзіңе де мехнаты шын батар.

Шын батады ауырғаны жарыңның,  
Тірлігіңнің болады екен бәрі мұң.  
Сен жоқ кезде айта алмаймын біреуін,  
Өзің барда айтып жүрген әнімнің.

Жалғыз аттан шаң шықпайды емес пе?  
Қызық емес сенсіз гүлді белес те.  
Саулығыңды сағат сайын тілейміз,  
Минут сайын түсіреміз сені еске.

– Мамам қайда? – деп сұрайды қызың да,  
– Мамам қайда? – деп сұрайды ұлың да.  
Жұмыста ғой десем, сенбей қарайды  
(Оларды алдау мүмкін емес, шынында).

Жоқтатпауға тырысып-ақ бағамын,  
Сен салатын бесік жырын саламын.  
Жақсы көріп тұрсаң-дағы он жерден,  
Орны бөлек екен, жаным, ананың.

## ЖАЗИРАҒА

Саған деген шын әкелік ақ батам:  
 Ауырмашы, айналайын, ақ ботам.  
 Бала күнің саған бақыт сыйласын,  
 Жадырасын сен қуанған шақта Отан.

Сен ғой, көкем, біздің үйдің базары,  
 Тек сенімен қабағымыз ажарлы.  
 Өзің барда өн-күйіміз тым асқақ,  
 Сен ауырсаң – тағдырдың сол азабы.

Қызықсың сен, өзіңменен күнде біз  
 Бір қуанып, бірге өмір сүреміз.  
 Көкем, сенің сыңғырлаған даусыңнан,  
 Тіршіліктің тәттілігін білеміз.

Сүйсіндірер қылықтарың көп сенің,  
 Қуантады ақылды боп өскенің.  
 Айналайын, аңқау қызым, ақ ботам,  
 Тірлігің де болсын қызық, кешкенің.

## АНАМДЫ АҢСАУ

Елемей-ақ арадағы қашықты,  
 Балаң бүгін өзің жаққа асықты.  
 Саған деген сағынышым басылмай,  
 Көңілімді дария етіп тасытты.

Қарсы алдымнан шуақ шашып күлді күн,  
 Қайран ана, қажытқан ба тірлігің?..  
 Базарлық па?  
 Базарлыққа әкелдім  
 Хош иісті жақсы шайын үндінің.

– Келдің бе, – деп, – айналайын, жарқыным, –  
 Құшаққа алдың, дегендей бір «ал тыным».  
 Әжім болып тұрып қапты-ау жүзінде  
 Өзіңе арнап хат жазбаған ер күнім.

Алаң болмай, тыныш болшы, жан анам,  
Болмасыншы тәтті ұйқыңда таң алаң.  
Әзиз ана, әрқашанда тілеймін,  
Бар тілегің орындалсын қалаған.

## ӨМІР

Айналайын, сабыр ет сен аз ғана,  
Өмір жайлы көп әңгіме қозғама.  
Қаншама рет көріп-түйдім дегенмен,  
Секілдісің тәжірибесіз бозбала.

Өмір деген – шексіздік те күрделі,  
Ғалымдарша зерттегейсің күнде оны.  
Бәрімізге қатал сыншы қашан да,  
Күнде саған ұсынбас ол жүлдені.

Бір төменде, бір биікте көріндің,  
Кінәлама құбылса да көңіл мың.  
Мүмкін емес барлық сырын білуің,  
Талай ғасыр тарихы бар өмірдің.

Өмір – тайғақ, өкініште өтпегін,  
Күресе біл, біткенінше өрт демің.  
Өмір – ғылым, қыр-сыры мол мәңгілік,  
Талмай ізден, өмір бойы зерттегін.

## КЕЙ СӘТТЕ

Басып кейде ауыр мұң,  
Ойланам да қиналам.  
Тағдыр талай ауырдың  
Абыройын қимаған.

Асқақ басып жүргенмен,  
Жүрек неге сыздайды?  
Кездестірем күнде мен  
Ыстық пенен мұздайды.

Қайғы-мұңын басқаның  
Түсіне ме жұрт осы?  
Ұнатпаймын достардың  
Жылмыңдаған жылпосын.

Жат түгілі, жақын да  
Ұқпас кейде халіңді.  
Өсек жүрер артыңда  
Берсең-дағы барыңды.

Екі келмес бұл тірлік,  
Қысқалығын және ойла.  
Қызығын да бір күндік  
Қимайсың ғой алайда.

### ОҚЫРМАНҒА БІР ТІЛЕК

Жасырып қалған түгім жоқ,  
Оқырман қауым, сендерден.  
Мұқағалидай үнім жоқ,  
Дауылпаз жырмен дем берген.

Ойландым өлең жазарда,  
Оқырман досым, сен үшін.  
Бір жырым қалса назарда,  
Сол болар менің жеңісім.

Шынымды айтсам ел сенер,  
Досыма құшақ жаямын.  
Мен жайлы білгің келсе егер,  
Өлеңім – өмірбаяным.

Жақсы жыр жазу тым қиын,  
Аяған жоқпын барымды.  
Үрлеп жатыр бір құйын  
Кеудемде жатқан жалынды.

Алдымда әлі жол ұзақ,  
Сарапқа салар әр күнді.  
Түсінсең болды жалғыз-ақ  
Жанарымдағы жарқылды.

## ӘН ӘУЕНІ

Ән салшы, қалқам,  
Ән салсаң, жаным жадырар.  
Жүрегім толқып,  
Аяулы жанды сағынар.  
Сағыныш оты  
Тербесе бүкіл жанымды,  
Әуені әннің  
Қыздырар бойда қанымды.

Ән салшы, қалқам,  
Тыңдайын ұйып жалықпай.  
Жетсінші маған  
Кедергілерге жолықпай.  
Шаршаған шақта  
Отырғанымда мұң кешіп,  
Ән әуенімен  
Алайын бір сәт тілдесіп.

Ән салшы, қалқам,  
Жанымды менің сергітіп,  
Басылсын бойда  
Тарқалмай жатсын шер, күдік.  
Сонан соң ойым  
Қалсыншы бір сәт жаңарып,  
Жатсыншы бар ән  
Әлемге мынау таралып.

## АНАМА

Қартайыпсың,  
Қажытты ма тірлігің,  
Ойлаймын деп сегіз бала бірлігін?  
Барлығын да есейттің де ұшырдың,  
Бір құлының  
Алматыда жүр бүгін.

Жан да емессің  
Жастайыңнан алымды  
(Көрерсің-ау басқа жазған бағыңды).  
Жалғызсырап қалдың-ау сен  
Бұл күнде  
Ақиретке аттандырып шалыңды.

Сезем, ана,  
Жағдайыңды түсінем.  
Бала көңілін сезетінсің түсінен.  
Бір жақсылық көрсетем деп өзіңе  
Ақ батаңмен  
Алматыға ұшып ем.

Аңсағанда  
Келінің мен балаңды,  
Астанаға айырбастап далаңды,  
Келесің-ау танымайтын қалаға,  
Жаутаңдайсың  
Түрлі ой билеп сананды.

Тым басқаша  
Бұл қаланың тірлігі,  
Ауылға да ұқсамайды бірлігі.  
Барлығы да қарбаласта жүреді,  
Өкінеді  
Босқа кетсе бір күні.

Біз осылай  
Күн кешеміз әрдайым,  
Күн сүймейді кей сұлудың маңдайын.  
Қозғалысы асығыстау қалада  
Кешір, ана,  
Болмаса егер жағдайың.

Әлсін-әлсін  
Нөсерлеген жауынға  
Селт етпейді тарихы мол тауың да.  
Өзің мұнда тұрғанмен де жер басып,  
Сезім – ойың  
Жетелейді ауылға.

Қос немерен  
Әз жаныңды тербетсін,  
Далаңа да, балаңа да қажетсің.  
Сезем, ана, көңіліңді айтпай-ақ,  
Кіндік қаның тамған жерге не жетсін?!

### ӘКЕМЕ

Көңіл – жетім,  
Әлденені іздейді.  
Шарқ ұрады,  
Бірақ күдер үзбейді.  
Қайран әке,  
Сені ойласам қайығым  
Айдынында  
Өрге қарай жүзбейді.

Сен бар кезде  
Биік еді тауым да,  
Шыдайтынмын  
Бұрқасынға, дауылға.  
Рухыңмен  
Сырласамын үнемі  
Өзіңді аңсап  
Барған сайын ауылға.

Ұрпақтарың  
Ұлы көшке ілесіп,  
Заманының  
Нарығымен күресіп.  
Адалдардың  
Несібесі қағылып,  
Алаяқтар  
Алдап-арбап жүр есіп!

Кейде өмір  
Түсіреді салмағын,  
Кім болжаған  
Не боларын алдағың?

Әділдікті  
Жиі-жиі айтушы ең,  
Өсиетіңді  
Орындаудан танбадым.

Өмір бойы  
Өзіңді еске ап тұрармын,  
Ұнатпайтын  
Жандарға да ұнармын.  
Рухыңа  
Сенің мәңгі бас иіп,  
Қартайсам да  
Көз жасымды бұлармын.

Бақилықта  
Бірге жатыр қос ұлың,  
Құрбаны боп  
Ажал деген тосынның.  
Ақын ұлың  
Тартып келе жатқандай  
Тауқыметін  
Тағдыр атты көшінің.

Қайран, анам  
Жай таба алмай тұрақты,  
Өмір оны  
Талай мәрте сынатты.  
Төрт ұлының  
Төрт қалада төрлері,  
Қыз қолында  
Тұруды ол ұнатты!

Әке, бүгін  
Рухыңмен сырластым,  
Тірілердің  
Халін айтып, мұңдастым.  
Қайнар көзін  
Сенен алған қуатпен  
Тірі болсам  
Бүгілмеспін, сынбаспын!